Бірақ өткен ғасырдың соңына қарай палеотүркология бағытына мақсаткерлікпен бет бұрып, халық тарихының ақиқатына айғақ ұсынар тіл тарихын сөз төркінін (этимологиясын) анықтау арқылы тануға ден қойып жүрген, қазақ зерттеушісі, «Язык письма» кітабының авторы О. Сүлейменов осы тоқырау тоганын бұзып, қыпшақ этнонимінің этимологиясына қатысты өз болжамын ұсынды. Бұл – қыпшақ этнониміне қатысты айтылған қазіргі таңдағы соғыс пікір және оны әзірге ешкім теріске шығарған жоқ. О. Сүлейменов қыпшактардың рулық таңбасы – тік екі сзықты (//) қатар жатқан екі пышақтың белгісі деп түсіндіріп, қимақ этнонимін иki және иемек сөздерінен шығарған парсы тарихшысы Гардизи сияқты, қыпшақ этнонимін осы екі пышақ (автордың беруінде «ики-пчак») сөзінен шығарады. Шының айту керек, бұл осы орайда айтылған бұрынғы болжамдардың біріне де үқсамайды. Тың болжам. Бірақ, соған қарамастан, бұған әзірге ғалымдар тарапынан не дұрыс, не бұрыс деген ешқандай пікір айтылған жоқ [5, 43-44 б.].

Қыпшақтың шығу тегіне қатысты ежелгі аңыздардың бәрінде өзегі қуыс ағаштың үнемі айтылатыны тегіннен тегін емес. Мұндағы «өзегі қуыс ағаш» дегенді қазіргі ұғымдағыдай тұра мағынасында қабылдауға болмайды. Көне заманын

шындығын емеурін арқылы танытып, образға орап беретін аныздарды тудырған далалықтардың Қыпшақ аталған баланы жуан ағаштың өзегіндегі құыста өмірге келтіруі – аныздың бас кейіпкері Оғыз қағанның әскерлерінің қыпшақ жұртын алғаш кездестіргендегі мекенінің көз қағар бұтасы жоқ көсілген көделі кер жазық та, болмаса тұтасқан тұнжыр орман да емес, ойдым-ойдым жазық алқабын ағаштар қоршаган далалы-орманды өнір екенін білдіреді. Аныздың Қыпшақты ағаштың қуысында тудыруының да мәнісі осында. Мұның шынында да солай екеніне анызда көрсетілген Қыпшақ туған өңірдің болмыс бітімінің күні бүгінге дейін сол құйін сақташ жатқандығы да куә [2, 23-24 б.].

Қанлылардың шығу тарихы туралы Хиуа ханы Баһадұрхан Әбілғазы төмендегідей анызды келтіреді: «Оғыз хан барып, татарларға тиді. Татар ханы сан мын әскерімен оған қарсы шықты; олар шайқасып, Оғыз хан кенет шабуыл жасап, оның (татар ханының) колын быт-шыт қылды. Оғыз ханың қолына көп олжа тұсті, оларды тиеп алыш кетуге лау жетпейді. Олардың қасында қолы епсекті бір шебер кісі болып, ол ойланып-толғанып арба жасады. Оған қарап, бәрі де арба құрастырып, оған олжаны тиеп, бәрі үйіне қайтып келді. Арбаны «қаңлы» деп атады. Бұған дейін оның (арба) аты да, заты да болған емес, ол

қозғалғанда «қаңқ-қаңқ» дегенге үқсас дыбыс шығаратын себепті оны «қаңқ» атады. Оны жасаған адамды «қаңқылы» деді. Бүкіл қаңлы елі – сол адамның үрімбұтағы». Шығыстанушы Н. Аристов: «Қаңлылар – дулат тәрізді ежелгі түркі руы. Бәлкім, Авеста мен Махабхаратада қаңқа деп еске алынатындар солар шығар», – деп жазады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Әбілғазы Баһадұрдің «Тұрік шежіресі» әллейім жүртшылыққа, әсіресе түркі қауымына ортақ тарихи шежіре саналады. Жұмысымызға негіз етіп алыш отырған, әсіресе, тарих, әдебиет, тіл ғылымдары үшін маңызы зор еңбек – XVII ғасырда жазылған құнды жазба ескерткіш Әбілғазы Баһадұр ханының «Шажара и түрк» атты еңбегі [4, 64 б.].

Сан ғасырлық тарихымыздың асыл қазыналарының бірі болып есептелетін жазба ескерткіштер тұтас зерттеліп, сырьы түгел ашылып, ғылыми айналымға түсіп бітті деу асығыс айтылған тұжырым болар еді. Ежелгі дәуірдегі, ерте және орта ғасырлардағы өлкеміздің тарихына қатысты жазбаша деректемелерді қарастырудың ғылым үшін де, рухани кемелдікке қол жеткізу үшін де маңызы зор. Сондықтан да тынымсыз ізденіс, тыңғылықты зерттеулер бір сөтке толастамауға тиис.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ


1 Әбілқасымов, Б. Әбілғазы ханының «Тұркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы : Аrys. – 2001. – 246 б.

2 Әбілқасымов, Б. Тұркі шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.

3 Уәлиханов, Ш. Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Собрание сочинений в пяти томах. 1961-1972. I т. – Алматы : Фылым. – 1961. – 777 б.

4 Омарбеков, С. Әбілғазы Баһадұр ханының «Тұркі шежіресі» // Жас Алаш. – 1993. – 5 ақпан.

5 Сулейменов, О. О. Глинная книга и «Аз и Я». – Алматы : Ана тілі. – 1990. – 498 б.



Материал баспаға 10.06.16 түсті.

*A. C. Жидебаева, A. A. Каскабасова*

**Историческое значение «Тюркского шежире» Абильгазы Бахадура**

Павлодарский Государственный университет

имени С. Торайгырова г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.06.16.

*A. C. Židebaeva, A. A. Kaskabasova*

**The historical significance of «Turkic shezhire» by Abulgazi Bahadur**

S. Toraigyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 10.06.16.

*В статье рассматривается шежире Абильгазы как исторический источник.*

*The article discusses the shezhire by Abulgazi as a historical source.*

**М. И. Рахимов<sup>1</sup>, Қ. Қ. Батталов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> 2 курс магистрант, <sup>2</sup> т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## **ПАВЛОДАР-ЕРТІС ӨҢІРІНЕН ШЫҚҚАН ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРІНІҢ САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ РӨЛІ**

*Осы мақалада автор Павлодар-Ертіс өңірінен шыққан қазақ интеллигенттерінің саяси-қоғамдық қызметі және олардың Алаш қозғалысында атқарған рөлін талдайды.*


*Кілттің сөздер: Павлодар-Ертіс өңірі, Алаш, Алашорда, интеллигенция, саясат, қоғам, қозғалыс.*

### **КІРІСПЕ**

XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигентиясының көрнекті саяси көшбасшыларының өмірі мен қызметін зерттеу соңғы жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстағы басым бағыттардың бірі болып табылады. XX ғасырдың басында Алашорда атты үкіметі бар Алаш партиясы мен автономиясын құрған үлттық интеллигентия көшбасшылары бүгінгі таңда жүзеге асып отырған үлттық мемлекеттілік идеясын алғаш рет көтерген болатын. Алаш қозғалысының тарихында өлшеусіз үлес қосқан, жалпы XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси мәселелерге белсене араласқан зиялы қауым өкілдері ішінде Павлодар-Ертіс өңірінен шыққан қазақ интеллигенттерінің рөліне ерекше тоқталу керек. Себебі Қазақ автономиясы мәселесін көтеруде қазақ интеллигенттерінің жарқын өкілдері – С. М. Торайғыров, Ж. Аймауитов, Қ. Кеменгеров, М. Баштаев, Қ. Бердалин, Ә. Сәтбаев, Асылбек, Муратбек Сейтөвтер өз ой-пікірлерін жасырып қала алмады.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

XX ғасырдың бас кезі – қазақ қоғамының, қоғамдық ой-сананың жаңғыру, жаңару кезеңі болатын. Қазақ халқының ояну дәуірі боп саналатын тарихи уақыт кезеңінің тууына бірнеше алғы шарттар қажет болған еді. Алдыменен Қазакстанның Ресейге қосылуымен Қазақ даласына европалық мәдениетпен ғылымның нұрлы сәулесі келе бастады. Әлемдік өркениетке, ғылым-білімнің жарығына үмтүлдірган бұл үшқын қарапайым халық арасынан осынау бағытты, европалық даму жолын көзделген зиялыштардың пайда болуына илгі өсер етіп, өз жүртін соңынан ерткен тарихи оқымыстыларды, көрнекті саяси қайраткерлерді қалыптастырды [1, 66 б.]. Мысалы XX ғасырдың басында Омск қаласында бірнеше жас топ қоғамдық қайраткерлер оқиды. Олардың ішінде Қошке Кеменгеров, А. Шорманов, Асылбек және Муратбек Сейтов, Әбікей Сәтбаев (Қаныш Сәтбаевтың ағасы) және т.б. қазақ жастары. Сол секілді Томсекта С. Торайғыров, Ә. Ермеков. Семейде Жұсіпбек Аймауитов. Қазақ жастарының белсенді әрекеттері



негізінде 1913 жылы Омсекта «Бірлік» қоғамдық үйімі пайда болады. Эрине бұл үйім кейіннен «Алаш» партиясын құрудың алғышарты болды деп толық айта аламыз. Бірлік үйімінің белсендісі және үйімдастырушыларының бірі Асылбек Сейтіов (1894-1937 ж.ж.) Алаш партиясының лидері А. Бекейхановтың жақын досы болатын және оның қоғамдық-саяси көзқарастарына ықпал жасағаны анық [2, 236 б.]. Қошмұхамед Кеменгеровқа келер болсақ, 1896 жылы 15 шілдеде сол кездегі Ақмола облысы, Омбы уезі жерінде дүниеге келеді. Атабабасы мұнда Баянауылдың Сарытауынан коныс аударған болатын. Омбыда оқып жүрген жылдары 1915 жылы «Бірлік» қазақ жастары үйімі ішінде «Балапан» атты қолжазба журналына редакторлық жасаған болатын. 1917-1918 жылғы саяси оқиғалар түсінда Қошке сергелденге түскен халық пен оқығандар ішінде жүрді. 1917 жылы сөүірде Қошмұхамед Кеменгеров Дінше Әділұлын ертіп, Ақмола облыстық қазақ комитетін атынан (яғни Омбыдан) Ақмола қаласына келіп, уездік қазақ комитетін ашады. Оның төрағасы болып Сәкен Сейфollaұлы тағайындалады. 1930 жылдары Қошкенің Алаш қозғалысына қатысуы бар деген айыппен нақақтан нақақ құдалауға ұшырайды. Қошке Кеменгеров өз заманында жазған әңгімелерінде, сахнаға қойған пьесаларында әлеуметтік әділетсіздіктерді ашып айта білді. Феодалдық топтардың надандығын, қарапайым халыққа жасаған теріс пигылдарын ажыратып көрсетті. Сонымен қатар қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға бірнеше тарихи және көркем шығармаларды аударумен айналысусымен белгілі [3, 14 б.].

Қазақ интеллигенттері кешегі қару ұстаган батыр бабаларының өмір өткендігін нақты түсінді және капиталистік қатынастардың дамыған кезінінде өндірісі қарқынды дамыған

алып империяның құрагынан өз елін шығару үшін халықты сауаттандыру арқылы бір идеяға біріктіру негізінде өздерінің заңды тәуелсіздігіне қол жеткізе алатынына сенім болды. Алаш идеясын насиҳаттау шараларын жүргізу үшін қазақтың өзінің мерзімді басылымы болу қажеттілігі айқын көрінді. Бұл орайда А. Байтурсыновтың бастамасымен 1913 жылы «Казак» газеті құрылған болатын. 1910-1917 жылдар аралығында қазақ газетінің сандарында қазақ интеллигенттері автономия, земство, тіл және мәдениет, қазақ қоғамын толғандыратын мәселелерде жарыққа көтерген еді [4].

1917 жылғы Ақпан революциясының нәтижесінде қазақ зияллылары алғаш рет үйімдік жағынан бірігүе талпыныс жасап, қазақ комитеттерін құрып, облыстық съездерді өткізе бастады. «Алаш» партиясының мүшелері ұлттық автономияға қол жеткізу мүмкіндігінің тууына байланысты идеологиялық жұмыстар жүргізіп, Құрылтай жиналышының сайлауына белсене кірісті. Қазан төңкерісінен кейін Алашорда үкіметінің құрылғанын жарияланып, мемлекеттік құрылым ретінде қызмет атқарған болатын.

Алаш автономиясын мойыннатуда ұлт зияллылары дипломатиялық әдісті ұстана отырып, Уақытша үкіметпен, кеңес өкіметімен, Уақытша Сібір үкіметімен, Самардағы Құрылтай Комитетімен, Колчак үкіметімен келіссөздер жүргізіп, өздерінің демократиялық ұстанымдарының беріктігін айқындалап берген еді. 1917 жылы 27 сөүір мен 7 мамыр өткен Семей облыстық қазақ съезінде Павлодар уезі қазақ комитетінің төрағасы Омархан Күзембаев сөз сөйлемді. Комитеттің мүшелері болып Мұқыш Боштаевпен үміткер Ж. Аймауитов сайланды. Жалпы бұл съезге 5 уезден 200 делегат қатысқан болатын [5, 104 б.].

Қазақстан территориясында кенес өкіметі орнамай тұрып, жұмысшы, солдат және депутаттар партиясы жайлар маглұматтарды қарапайым халық біле бермейтін. Қазақстан аумағының көп бөлігінде халық Алаш партиясының бағдарламасына көніл аударған еді. Себебі демократиялық бағыттағы партияның саясаты ең бірінші кезекте қазақ халқының жағдайына арналған болатын. Дегенмен кенес өскері біртіндеп қазан революциясынан кейін Қазақстан аумағын өзіне қарату саясатына кіріседі. Сол себептен алғашқы кенес өкіметінің Павлодар уезінде орнауы халықтың наразылығын тудырады және қаладағы кенес өкіметін құлатумен аяқталған еді.

1918 жылы 26 маусымда Павлодар уездінде етken съезде Алашорданың 5 мүшесі: төрағасы – Қабыш Бердalin, төрағаның орынбасары – Ахметолла Барлыбаев, мүшелері – Иманкул Бадисов, Мұхтар Жалелдинов, Омархан Күзембаев сайлануымен Алашорданың уездік кенесі құрылған болатын. Бұл кенестің құрылуына 1917 жылы 13 желтоқсанда Орынбор қаласында етken жиында Алашорданың Ұақытша Үлттық Кенесінің құрылуы. Соның негізінде барлық облыс пен уездерде Алашорданың жергілікті ұйымдары құрыла бастаған еді. Үлттық идеяның халыққа насиҳаттау жұмысында қазақ интеллигенттер ішінде Қошке Кеменгеров пен Жұсіпбек Аймауытов жүргізген болатын [5, 107 б.].


Баянауылдың тұмасы, жазушы, аудармашы, өдебиет зерттеушісі, педагог Жұсіпбек Аймауытов сөзсіз Алашорда жағында болды. 1911-1914 жылдары Баянауылда ұстаздық етті. 1917 жылдан бастап Алашорданың құрамына енді. 1919 жылдан 1929 жылға дейін республика Халық агарту комиссариатының алқа мүшесі, Семей губерниялық агарту бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, педтехникум директоры болды [6, 26 б.]. Ж. Аймауытовтың

«Қазақ» газетінде көтерген мәселелері ішінде құрылтай жиналышы және земство (1917 № 242), тіл туралы (1915 № 114), сондай-ақ дін мәселелеріне (1916 № 180) мақалаларын арнаған [4]. Кейіннен Ж. Аймауытов қуғын-сүргін құрбаны болып, ал оның шығармашылық мұрасы жарты фасыр бойы қазақ мәденииеті тарихынан өшіріліп тасталды.

Ж. Аймауытовтың қайғылы тағдарын отандасымыз, ақын, публицист Сұлтанмахмұт Торайғыров қайталаган болар ма еді. 1917 жылдың жазында «Алаш» партиясының құрылғандығы Орынборда етken бүкілқазақтық съезде ресми жариялаған еді. Үлттық автономия құруға үмтүлған қазақ зиялышарының талпынысын С. Торайғыровта қостады. Бұл ретте оның «Алаш ұраны», «Таныстыру», тағы бірен-сараң шығармаларының жазылуы кездейсек емес [7, 37 б.]. Өзінін Алаш көсемдерінің бірі Әлихан Бекейханов жайлар «Әлиханның Семейге келуі» мақаласында автор: «Ол ері елі үшін құрбандыққа жаңын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде алаш үшін зарығып бейнет көрген, басқан аяқ кері кеткен заманда жасымай алашына қызмет етken, болса да қалың тұман, қараңғы тұн, туатын «бақ жүлдізына» көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, «қайткенде алаш көркейер» деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмухамбетұлы Бекейханов еді» деп, шабытпен тасқындана жазады [8, 33 б.]. Алашорда әнұраны мен өскери маршын жазған Ж. Аймауытов пен С. Торайғыров болатын. Ақынның 1920 жылы қайтыс болуы, өкімет басындағылардың оның тағдырын Алашордамен байланыстырмай кенес қазақ өдебиетінде атын қалдырады.

Академик Қ. И. Сәтбаевтың ағасы Әбіке Әсейінұлы Сәтбаев та (1881-1937 ж.ж.) өз тағдырын





Алашпен тығыз байланыстырды. Ұлт интеллигенттерінің қазақ халқының мұддесін корғау мақсатында құрылған «Алаш» партиясының № 5 далалық сайлау округінің тізімінде, Әбікей Зейінұлының 19 мүшениң ішінде 16-болып тіркелгенінен көруге болады: 1. Фалихан Бекейханов, 2. Айдархан Тұрлыбаев, 3. Әлімхан Ермеков, 4. Халил Фаббасов, 5. Асылбек Сеитов, 6. Мұқаш Боштаев, 7. Ережеп Исабаев, 8. Якуп-мырза Ақпаев, 9. Сейілбек Жанайдаров, 10. Раймжан Марсеков, 11. Жұмағали Тілеулин, 12. Биахмет Ерсенов, 13. Рахим Дүйсенбаев 14. Ахмет Қозбағаров, 15. Мағжан Жұмабаев, 16. Әбікей Сәтбаев, 17. Сыдық Мешенбеков, 18. Базикент Өскенбаев, 19. Салмақбай Құсемісов [10, 213 б.]. 20-шы жылдары Ә. Сәтбаев саясаттан кетіп бар ғұмырын ұстаздық салаға ариған. Әбікей Зейінұлының қазақ жастарының жүйелі және сапалы білім алудына қатысты кезінде өз мақалаларын шығарған еді. Бұл сол кездегі Ташикентте 1923 жылдың қаңтарынан 1924 жылдың қарашасына дейін шыққан «Сана» және Семей қаласында 1924-1925 жылдары басылған «Таң» журналдарында «Оқытушы деген кім?», «Ағарту жұмысында не шара қолдануымыз керек» сыңды мақалалары болатын. Әбікей Зейінұлы көптеген қазақ жастарының бағы жануына ықпал еткен. Оларға өнеге, тәрбие беріп, дұрыс жол нұсқаған. Осы санаттардың ішінде немере інісі Қаныш Сәтбаев, күйеу балалары Әбікен Бектуров пен Әлкей Марғұлан, жазушымыз Мұхтар Әуезов сыңды тұлғаларымыз бар еді [11, 58 б.].

«Алаш» партиясына белсene қатысқан Павлодар уездінің тумасы Қабыш Бердалин болатын (1867-1935 ж.ж.). Ол ақпан төңкерісінде дейін Қараоба болысының б--асқарушысы болды. 1917 жылы Павлодар аткомының, қалалық Думаның мүшесі, 1918 ж. Семей облысы Земство жиының мүшесі болған.

II Бұқілқазак құрылтайына Павлодар уездінен Ахметолла Барлыбаевпен қатысқан. 1918 жылы Павлодарда өткен уездік Қазақ құрылтайында «Алаш» партиясы Павлодар уездік комитетінің төрағасы болып және уездегі орталық басқармасының ұсынуымен мухтасиб қызметіне сайланды. Қабыш Исаұлы Қазанғап байдың үрпағы, Естай ақынның жетекшісі болған. Алаш қозғалысына қатысқаны үшін 1928 жылы мұлкі тәркіленіп Ақтөбеге қуылып, 1934 жылы Сібір лагеріне қамауға алынаған. Сол айдауда жүріп көз жұмады [12, 47 б.].

Мұқыш Боштаев Алаш қозғалысымен белсенді қайраткері. Оның Павлодар өмірі Павлодар уезімен тығыз байланыста болды. 1917 жылы Орынборда өткен I жалпы қазақ съезінде М. Боштаевты Бұқілресейлік құрылтай жиналысына кандидат ретінде сайлайды. 1917 жылы ол Алаш партиясына ресми түрде мүше болып қабылданады. Қазақ газетіне шығарған мақалаларында М. Боштаев Баянауылдың мәселелерін қозғайды. Сонымен қатар үгіт-насихат жұмыстарымен айналысады. Милиция отрядтарының құрылуында үлкен жұмыстар атқарады. Ә. Бекейханов М. Боштаевты «Мәскеуге хаты» мақаласында ерекше атап өтеді [5, 107 б.].

### КОРЫТЫНДЫ

Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлердің көбісі Павлодар-Ертіс өңірінен шығуы, тарихы бай өлкенің топырағынан әрқашан елінің болашағына бей-жай қарай алмайтын перзеттердің дүниеге келуімен ерекше деп айтуда болады. Сол секілді XX ғасырдың басындағы саяси құбылыстардың өзгерген уақытында Павлодар-Ертіс өңірі тарихи сарыннан тысқары қала алмады. Павлодар-Ертіс өңірінің Қазақстанмен Ресейді байланыстырушу стратегиялық жерде орналасқандықтан да қоғамдық-саяси мәселелер осы аймақтан тікелей өтуімен маңызды. Сол себепті

алғашқы қоғамдық бірлестіктердің жұмыстары Павлодардан шыққан қазақ интеллигентерінің үйымдастырумен жұмысы жасауы тегін емес. Өйткені Алаш қозғалысының алғашқы идеялық қалыптасуы, қазақ жастарының қарапайым үйымдар мен бірлестіктер үйымдастыру арқылы пісіп жетілгені даусыз. Сөйтіп, Павлодар-Ертіс өнірінен шыққан қазақ интеллигентері 1917 жылға дейін де, одан кейінгі уақыттарда да ел тұтастығымен үлт дербестігі жолындағы күрестен және өздері армандаған тәуелсіз қоғамның орнайтындығын анық болжаған сара жолдан еш ауытқымаған қалыптарында халық жадында мәңгіге қалды. Міне, сондықтан да 1917 жылғы Казан төңкерісінен кейін «Алаш»

партиясы құрылып, білімді деген қазақ зияллыары үлттық демократиялық мемлекет құру идеясын іс жүзіне асыруға ат салысты. Бірақ, большевиктер партиясының қырып-жою әрекеттеріне төтеп бере алмаған «Алаш» партиясы қайраткерлері жеңіліске ұшырап, ал кейінрек большевиктердің жаппай қуғын-сүргін саясатының құрбандары болады.

Ендеше тағылымды істі аманат ретінде қабылдау – алаш баласының өуелгі қасиеті десек, Алаш қайраткерлері қалыптастырған үлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік үстанымдардың бірегейі болатынын естен шыгармаганымыз абзал.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **Әбжанов, Х., Әлпейісов, Ә. Қазақ интеллигенициясы мен мәдениеті туралы.**  
– Алматы : Білім, 1992. – 128 б.

2. **Захаренко, А. А. Общественно-политические, культурные связи Северного Казахстана и Поволжья, Южного Урала, Западной Сибири (XIX-начало XX в.)** – Павлодар: ПГУ имени С. Торайғырова, 2004. – 264 с.

3. Рухнама **Қошмұхамед Кеменгеров.**  
– Павлодар: ФӘФ «ЭКО», 2003. – 118 б.

4. Қазақ газеті 1913. - Алматы: Арыс, 2009. – 504 б.

5 **Шевченко, С. П. Павлодар өнірінің тарихы туралы очерктер. II бөлім. XX ғасыр – Павлодар : «Эко» ФӘФЖШС,** 2001. – 240 б.

6. Рухнама **Жұсіпбек Аймауытов.**  
– Павлодар : ФӘФ «ЭКО», 2003. – 118 б.

7. Дәуір ақыны: Ұлы ақын С. Торайғыровқа арналады / құрастырушы Ф. Қ. Бектүрбекова. – Алматы : Орталық ғылыми кітапхана, 2002.-255 бет. – «Ұлы тұлғалар» ғылыми ғұмырнамалық сериясы.

8. **Құсанова, Ш. «Алаш» партиясы тарихын зерттеу хақында // Қазақ тарихы.** – 1997. – № 5. – 31-41 б.


9. **Сәтбаева, Ш. Сөулелі әulet.**  
Алматы : Қазақстан, 1996. – 175 б.

10. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы : Елшежіре, 2007. – 581 б.

11. Рухнама **Әбікей Сәтбаев.** – Павлодар : ФӘФ «ЭКО», 2003. – 118 б.

12. Павлодар облысының ақын-жыраулары. Павлодар: [б.и.], 2004. – 126 б.

Материал баспаға 10.06.16 түсті.



*M. I. Rakhimov, K. K. Battalov*

**Общественно-политическая деятельность казахской интеллигенции Павлодар-Иртышского региона и их роль в движении Алаш**

Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.06.16.

*M. I. Rakhimov, K. K. Battalov*

**Social and political activity of the Kazakh intelligentsia in Pavlodar-Irtysh region and their role in the Alash movement**

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 10.06.16.

*В настоящей статье автор дает анализ общественно-политической деятельности казахской интеллигенции Павлодар-Иртышского региона и их роли в движении Алаш.*

*In this article the author gives an analysis of socio-political activity of the Kazakh intelligentsia in Pavlodar-Irtysh region and their role in the Alash movement.*

**T. Н. Акшамбаева<sup>1</sup>, Е. К. Жусупов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>студент, <sup>2</sup>т.ф.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## **М. М. СПЕРАНСКИЙДІҢ «СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫСЫ»**

*Бұл мақалада авторлар Сібір қыргыздарының Жарғысы бойынша өзекті мәселелерін көрсетеді.*

*Кілтті сөздері: жарғы, қазақ хандығы, дәстүрлі хандық билігі, патша үкіметі.*

### **КІРІСПЕ**

XVI ғасырдың аяғында Ресейдің Сібірдің ішкі жағына саяси-экономикалық мақсатпен енуі Ресей империясының оңтүстік-шығыс, шығыс аймактарының қазақтардың мекеніне жақындауына алып келді. Осы кезеңнен XVIII ғасырдың 30-шы жылдарына дейін Ресей мен Қазақ хандығының арасында саяси байланыстар орнады. XVIII ғасырдың 30-шы жылдарында Ресей билігі қазақтар коныстанған территория жөнінде, экономикасы мен саясаты, әлеуметтік құрылымы, басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы жөнінде аз хабардар еді. Ресей мемлекетінің қазақтардың территориясына байланысты өзара байланысты алғашқы міндеттерінің бірі мыналар болды – Ресейдің оңтүстік-шығыс шекарасына халықаралық-құқықтық анықтылығына қол жеткізіп, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;


– Қазақ жерлері арқылы өтетін жүйелі транзиттік сауда жолдарын орнату. Осы мақсаттарды іске асыру үшін орыс әкімшілігі қазақ хандарына қамқор, қорған болуды көздейді.

Хандық билік институтына қын жағдай кезеңінде 1822 жылы патшалық билік Орта жүзде «Сібір қыргыздары туралы Жарғы» енгізеді. Оның негізгі мақсаты Шыңғыс хан үрпақтарының дәстүрлі хандық билікті ликвидациялау болды. Бірақ қазіргі кезде бұл заңнамалық

күжат оның кұрамында Орта жүз қазақтарының Тобыл және Томск губернияларының ішкі аймактарына көшіру жұмыстарын, тәртіпперін реттеудің құқықтық негіздері көрсетілген. Сондай-ақ бұл күжатта Ресей территориясындағы қазақтардың құқықтық статусы және сословиесін ауыстыру мәселелері де қарастырылады [2, 68 б.].

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

XIX ғасырдың басында патша үкіметі қазақтарға, оргаазия аудандарына қатысты саясатын іске асыру үшін жаңа қадамдар жасай бастайды. 1819 жылы Шет елдер істері министрлігі жаңынан (менгерушісі К. В. Нессельроде) оргаазия халықтарына және қазақ жерлеріне бақылау жүргізетін Азия департаменті қурылады. Департамент директоры болып К. К. Родофиникин (1819-1837 жж.) тағайындалды. Дәл осы уақытта Орынбор аймағы тұрғындары мен орыстардың Азия елдерімен саудасына тікелей қатысы бар еркеше Азия комитеті құрылды. Осындай арнайы мекемелердің алдына орталық билік міндеттер қояды-жергілікті қазақтармен анағұрлым терең қатынасқа ене отырып, олардың болашағына, даму деңгейлеріне қорытынды жасау. Бұларды жүзеге асыру 1819 жылы Сібірдің генерал-губернаторы болып тағайындалған М. М. Сперанскийге жүктелді. «Құпия кеңестің екінші бөліміндегі



1819-1820 жж Сібірді қарастыру» құжаттарының және «Сібір жеріндегі қырғыз-қайсақ және т.б азия халықтары» атты құжаттар анализі М. М. Сперанскийді қызықтырған мәселелерді байқатады. Өз кезеңінде бұл құжаттар XIX ғасырдың 20-жылдарындағы Ресей өкіметі мен қазактар арасындағы қарым-қатынастың жалпы көрінісін сипаттайды.

Бірінші кезекте М. М. Сперанскийдің алдында анықтауын қажет ететін сұрақтар түрді. Олар:

- Сібір шебі шекарасы аумағындағы тау-кен өнеркәсібінің даму алғышарттары;
- «Сібір шебінің» халықаралық-құқықтық беделі; осы шептегі мемлекеттік мекемелердің жағдайы [1, 56 б.].

1821 жылдың 28 шілдесінде М. М. Сперанскийдің есебі мен ұсыныстарын қайта қарастыру үшін «Сібір комитеті» құрылды. Бұл комитетте граф Кочубей, граф Гурьев, Аракчеев, Голицын, барон Кампенгаузен мүше болды. Комитет қызмет барысында Сібірді басқару жайлы ғана емес, сонымен қатар «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылдады.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығына Тобыл, Омбы, Омск облыстарымен бірге, Сібір қазактары мекен еткен аймақтар да кірді. Бұл жарғы бойынша батыс шекарасы Орынбор даласына, онтүстігі Шу өзеніне дейін созылған. «Сібір қазактары аймағы» сыртқы және ішкі аймақтарға бөлінді. 1822 жылы 22 маусымда Ресей Сібір губерниясы басқармасы құрылды.

Әкімшілік басқару жүйесін қайта құру барысында қазақ жері аймақтарға бөлінді. Бұл аймақтар Батыс Сібір және Орынбор генерал-губернаторлығына қарады, Орта жүз жекелеген әкімшіліктерге бөлініп, оны Омбы облысының ішкі аймақтары деп атауды үйірді. Болыстарды бөлудің негізінен жерге байланысты емес, рулық принцип алынды. Соның негізінде

болыстардың атаулары қазақша аталатын болды [2, 120 б.]

Сібір қырғыздарының өзін «ішкі» және «сыртқы» шептегілер деп бөлді. «Ішкі» жақтағыларға Омск, Петропавл, Семей, Өскемен қалаларына жақын аудандардың қазактары жатқызылды. XIX ғасырдың 20-жылдарында осы ауданның тұрғындары Сібір тұрғындарымен жақсы қарым-қатынаста болып, мұндағы өнеркәсіпке, саудаға белсенді араласа білді, нәтижесінде орыстардың әкімшілік тәртіптеріне жақын болды.

Ал «сыртқы» жақтағы көшпелі қазактар кең далалық аймаққа терең орналасып, орыстардың экономикалық және әкімшілік жүйесінің әсерінен аулақ болды, және олар біртіндеп өздерінің дәстүрлі қоғамдық құрылышымен осы жаңа тәртіптерге бағынуы керек болды. Былайша айтқанда олар әкімшілік жүйе жағынан үш звенога бөлінуі керек болды: округ, болыс, ауыл.

Басқарудың төменгі жүйесі – ауыл болып есептелді. Бұл звеноның басында округтік приказ бекіткен және халық тандауымен үш жылға сайланатын «ауыл старшыны» түрді. Болысты «болыс басшысы» басқарды және оған 10-12 ауыл кіретін еді. Болыс басшыларын ауыл қоғамы сайлайтын және Омбы облыстық басқармасы бекітетін сұлтандар есебінен болуы қажет еді.

Округ 12-15 болыстан түрді. Әр округтің территориясы белгіленіп қойылды, және бір округтен екіншісіне көшуге тыйым салынды. Барлық округтік приказдар Омбы облыстық басқармасына бағынды. Округтік приказды ашу не тарату жоғарғы билік үкімімен жүзеге асып отырды. Округтің жоғарғы әкімшілік бірлігі округтік приказ болды, ол өз алдына облыс басқармасы қарамағына қарады. Ал болыс басында сұлтандардан тағайындалған болыс басқарушылары түрді. Биліктің төменгі буынында қырғыздардан сайланған ауыл

старшындары басшылық етті, оларға ешқандай шен тағайындалмайтын болған. Сонымен қатар, «Жарғы» бойынша қазақ феодалдарына Ресей империясы қарамағындағы бодандардан құл жалдауға немесе олардың күшін пайдалануға тыйым салынған.

М. М. Сперанский дайындаған «Сібір қырғыздарының Жарғысы», кіріспеден, он тараудан және 319 балтан тұрады. Құжаттың мақсат-мұраты кіріспесінде ақ айқында бастайды. Онда «Сібір қазактары көшпенді бұратаналар тобына жатады, және олармен тең күкүші» – делінген. Әрі қарай, «Сібір бұратаналары туралы Жарғының» мына балтарымен ортақ деп жазылды:


- 1) Көшпенді бұратаналардың күкүші туралы (I бөлім, 5 тарау) (Мұндағы қырдағы басқарудың міндегі мен мазмұны шығарылып тасталды);
- 2) Қадірменді бұратаналар туралы (I бөлім, 7 тарау);
- 3) Зандар мен әдет-ғұрыптары туралы (I бөлім, 7 тарау);
- 4) Бұратаналарды басқару туралы міндettің жалпы негіздері (III бөлім, 1 тарау).

Міне сөйтіп, Сперанскийдің, қазақ халқын Сібірдегі халықтарға (бурят, тунгус, якут, остяк т.т осы секілді) тенеуі дұрыс емес. Себебі, географиялық орналасу территориялары бойынша, Сібірдегі ұсақ халықтардың өзінегін тән халық шаруашылығы, саяси құрылышы және әдет-ғұрыптары болған еді. Ал қазақтардың бұл халықтардан айырмашылығы, әрине жер мен көктей өзіндік ерекшеліктері болды. Сондай-ақ, қазақтар Жарғыдағы кіріспеде айтылғандай тек қана «көшпенді» әрі «бұратана» болған жоқ. Шығыс Дешті қыпшақ өлкесіне және ондағы үйір-үйір жылқы, табын түйе, қой мен сиырға бай ата-бабаларымыздың дәстүрлі шаруашылық түріне сай көшпелі ғұмыр кешкені рас. Сонымен қатар, егіншілікпен де кенже қалмағанын атап айтуымыз

керек. Қазақтардың егіншілікпен ежелден айналысып келе жатқанын дәлелдейтін салмақты деректер аз емес. Мысалы, 1830 жылы Орта жүзде болған полковник Броневскийдің естелік жазбасы осындай деректер санатында болғандықтан оны атап өттіді жән санадық. Онда «Қазақтар мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысады. Мен Бұқтырма бекінісінен алшақ жатқан Нарым тауынан әрірек жерден қолмен суару арқылы өсірілген егістік жерлерді қөрдім. Нұра, Торғай, Қорғалжың көлі маңында кең алқапты қамтыған керемет бітік өскен тары егістігі бар», – дегенді [4, 74 б].

Орта жүз хандығын саяси тәуелсіз еткен «Сібір қазақтары туралы Жарғы» 1822 жылы бекітіліп, қазақтардың бұрынғы еркіндігінен айырды. Беделді би-сұлтандар түрлі әдіс-тәсілдермен мемлекеттік биліктен ығыстырылды. Сөйтіп, қазақ жерінде патшалық Ресейдің әскери-оккупациялық тәртібі орнап, жаңа отарлық басқарманың тірек пункттері ретінде сегіз дуан құрылды. Дуан әкімшілігіне дәстүр бойынша қазақ қоғамының құсусын әлеуметтік топ өкілдерінен емес, қарасуыктен шыққан қазақтар да тартыла бастады. Бұл қоғамының ел билеу жүйесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тәртібін бұзып, қазақтардың екі топқа жарылуына, олардың өзара жауласып, рухани түрғыдан бүлінушілікке үрінуына алып келді.

Келесі бір аса толғандыратын мәселе – орыстық басқарудың рухани зардабы. Бұл жөнінде тоқталмау мүмкін емес. М. Сперанский «мырза» «Жарғыда» қазақ жерінде аурухана және дәрігерлік көмек үшін пункттер салынады, бұл қазақтарға арналады деп көлгірсіді. Алайда, қазақтар дәрігерлік көмек көрген жоқ. Себебі, әрбір округте небәрі екі-ақ дәрігердің бекітілуі тиис болды. Бұл қазақ бұқарасы үшін тым аз. Екіншіден, әрбір округте жоғарыда атап өткеніміздей 300-дей казак әскерлері, онымен қоса приказ құрамында бірнеше



орыс мушелері болды. Осыншама, Ресей отаршылдарынан-ақ бұл медициналық көмек артылмайтын еді. Үшіншіден, орыстар қазак тілін білмеді. Мұндай, қарама-қайшылықтан сон-ақ, дәрігерлер қазактарға медициналық көмек көрсетіп жарытпайтыны белгілі жағдай. Сондай-ақ, дәрігерлік көмек қажет еткен қазактар тілмештарға жүргінуге мәжбүр болатын. Қазактың басына түскен қызын жағдайды пайдаланып, тілмештар, үстеме пайда тапқысы келіп, әрбір сөзі үшін ақы сұрап тіленетін де тұратын. Қазакта, бір наукас адамның қинағанын былай дегені бар еді: «Бұл дәрігерді ұлықтар пайда келтіреді деп ойласа керек. Бұл біздің қазаққа пайдалы емес, әбден залал көрінеді, бір ішім дәрі тұрады азар болса 20, һем тілмешша 30 тиын, ол түсіндіріп айтпайды да. Бұл фельдшерлер Баяннан (округ орталығы) ешқайда шықпайды, екі жыл болды еш қазактар оның ішінде қазактың жүргенін көрген емес, қайда барсын, қазақ тілін білмеген сон, біз ойлаймыз оны фельдшерлерге бір жаңа тілмеш патшалықтан қойса деп, сонда жақсы болар еді. Біздің қазактар Баянда дәрігер бар екенін, әрі-беріден сон білмейді». Сондықтан, «Жарғыда» «зан жүзіндегі» қазак үшін аурухана салыну керек деген тек желеу еді.

Рухани зардалтын басты көрінісі ол – қазактарды христиан дініне тарту болатын. Айта кету керек, шрекулер қазақ даласындағы орыс-казактарының сан жағынан көбейген сайын санырауқұлақша қаулай бой көтере баставы. Священниктер өз мектептерін ашып, онда діни наным-сенімнен өзге ағарту ісімен де айналысады делінді. Сөйтіп, бірте-бірте орыстар сұлтан, старшындардың балаларын орыстандыруға тартты. Осындај жолмен қазакта ежелден келе жатқан мұсылман мектептерін, орыс мектептері бірте-бірте ығыстыры баставы [5, 63 б.].

«Сібір қырғыздары Жарғысының» колониалды сипат алғанына қарамастан, оның тиімді жақтары да болды. Анағұрлым құрылымдық әкімшілік басқарма (сыртқы және ішкі округтер ) құрылды. Жаңадан құрылған округтегі қазактарға көрші феодалды мемлекеттерден төне қалған қауіп болған жағдайда жасақталған орыс әскери тарапынан көмек көрсетілді [1, 73 б].

### ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтып өткендегі Жарғы бойынша әкімшілік-территориялардың округ, бояс, ауыл болып бөлінүі қазактардың дәстүрлі қоғамында келіспеушілік пен қарама-қайшылық тудырған еді. Қазактардың көшпелі қоғамдары, рулады өзінің көшпіл жүретін машруттарының болғандығына қарамастан, енді Жарғы бойынша бір территориядан екіншісіне көшуіне тыйым салынған болатын, нәтижесінде функционалды көшпелі мал шаруашылық жүйесіне кері әсер етті. Бірақ бұл өз кезегінде патшалық үкіметтің әкімшілік саясатына халықтарды өзіне бағындыруы үшін қажет болған. Округтар мен ондағы приказдардың құрылуы XIX ғасырдың 30-шы жылдарының өзінде-ақ патша әкімшілігіне айтарлықтай нәтиже берді: қазақ қоғамында барымта мен ішкі ретсіздіктер жойылды [4, 78 б.].

Сонымен, XIX ғасырдың 20-40-шы жылдарында Ресей империализмі бекіткен басқару жүйесі отарлық саясаттың түрлі тәсілдері арқылы іске асты. Жергілікті би-сұлтандарды отарлық билікке тарту арқылы, жаулап алу саясатын жеңілдettі, әрі оның қарқынды іске асуына жол ашты. Ел ішіне іріткі салу, бірін билікке тартып екіншісіне қарсы қою сияқты империалистердің әдеттегі қолданатын әдістері арқылы Ресей империализмі де өз саясатын «нәтижелі» орындашықты.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Абдрахманова, Б. М. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Астана, 1998. – 137 б.

2 Бекбаева, Т. Сперанский және «Сібір қазактарын басқару туралы» Жарғы// Ақиат. – 2003. — № 12. – 120 б.

3 Кабульдинов, З. Е. Регламентация порядка перехода казахов во внутренние губернии России по «Уставу О Сибирских Киргизах» от 1822 года // Исторические науки. Ученые записки ПГУ. – 2000 . – № 3.– 61-66 б

4. Мырзатаева, З. Б. Сібір Империялық экспансияның рухани салдары//Қоғам және Дәүір. – 2012. – № 12 (34). – 71-80 б.

5. Мырзатаева З.Б Сібір қырғыздары туралы Жарғының мазмұны //Отан тарихы. – 2005. – № 14. – 63-74 б.

Материал баспаға 10.06.16 түсті.

T. N. Akschambaeva, E. K. Shusupov

**«Устав о сибирских киргизах» М. М. Сперанского**

Павлодарский Государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.06.16.

T. N. Akschambaeva, E. K. Shusupov

**«The Charter of the Siberian Kirgiz» by M. M. Speransky**

S. Toraigyhrov Pavlodar State University S., Pavlodar .

Material received on 10.06.16.

*В данной статье авторы раскрывают актуальные вопросы по Уставу о сибирских киргизах.*

*In this article, the authors reveal the topical issues of the Charter of the Siberian Kirghiz people.*

**A. Р. Тұсбекова<sup>1</sup>, Е. К. Жусупов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>студент, <sup>2</sup>т.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

## **ҚАЗАҚ – ЖОНҒАР ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ**

*Бұл мақалада авторлар қазақ-жоңгар қатынастарының тарихнамасы бойынша өзекті мәселелерін көрсетеді.*

*Кілтті сөздері: қатынастар, тарихнама, хандық билігі, жоңгар.*

### **KIPICPE**

Егемендігімізben мемлекеттігімізбекіген кезенде халқымыз рухани жағынан жаңарып, әкімшілдік-әміршілдік жүйе жағдайында қалыптасқан идеологиялық ұстанымдардан бас тартып, отандық тарихымызды жаңаша зерделеуге жол ашылды. Кеңестік кезенде тарих ғылымының әлемдік ғылымнан томаға-тұйықтығы, мемлекеттік идеологияның қасандығы, басқаша ойлаумен күрес ғылымға қайшы концепциялардың бекуіне алыш келді, ғылымда таптық көзқарасқа негізделген марксік-лениндік методология үстемдік етті. Мұның өзі ғалымдардың шынайы тарихты айқындауына, ақиқатты ашып көрсетуіне кері ықпалын тигізді. Қатаң идеологиялық ұстанымдар тоталитарлық жүйенің жетекші күші болған КОКП басшыларының айтқандарын, партия съездері мен конференцияларының шешімдерін басшылыққа алыш, сол негізде тарихты жазуға тарихшыларды мәжбүрледі. Сондыктан бүтінде қазақстандық зерттеушілердің алдында қазак тарихының еткен жолын түсінбейінше, болашақты ұғынуда қызындықтар туындаиды. Осы түрғыда отандық тарихқа ғана емес, әлемдік тарихқа, үдеріске де тереңірек мән беретін уақыт келді.

Тарих ғылымының іргелі саласы тарихнаманың міндеті – біз қарастырып

отырған мәселе төнірегінде жазылған еңбектерді ғылыми негізде талдап, әлі де болса шешімін күтіп отырған жағдайларды анықтау, жолын айқындау, ұсыныстар жасау. Тарихнама тарихи құндылықтарымызды сақтаушы ғана емес, тарихтың күрделі бетбұрыс сәттерінде оны жүзеге асырушы құралға айналып, қазіргі кезенде жаңа сапалық деңгейге көтеріліп отыр. Тарихнама маңызды идеологиялық қызмет атқара отырып, жаңа тарихи жағдайда жаңа өзіндік сананы тәрбиелеуге де ықпал етеді.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қазақ халқының тарихында қазақ-жонғар тақырыбы өзінің ғылыми, объективті шешімін күтіп отырған маңызды мәселенің бірі. Қазақтар мен жонғарлар бір ғасырдан астам уақыт көршілес өмір сүрді. Осы уақыттың ішінде екі елдің арасындағы саяси қатынас аса күрделі болды. Екі мемлекеттің арасында бір ғасырдан астам уақыт үздік-создық соғыс жүргізді. Осы соғыста екі жақ кейде тең түсті, кейде қазақтар женді, көбінде жонғарлар басым болды. Жонғарларға қарсы күрес қазақ халқы үшін өте ауыр болды. Бұл соғыстың қазақ халқы үшін аса ауыр зардабы болғаны мәлім. Қазақ халқының басына түскен бұл қайғылы оқиға Қазақ елінің Ресейдің боданына айналуына негізгі себеп болды. Бодандықтың зардабын

айтып жеткізу мүмкін емес. Осыдаан келіп бірнеше сауал туындейдьы. Қазақтар мен жонғарлар арсында болған соғыстың себебі неде? Бұл соғыстағы шапқыншы кім? қазақ жонғарларға қарсы қуресте Ресей империясының көмегіне сүйенбек болып, бодандық қамытын киген еді, халықтың сол үміті акталды ма? Қазақтар мен жонғарлар соғысында екі империяның (Ресей мен Цин) үстанған саясаты қандай болды? Қазақтар елін, жерін жонғар шапқыншылығынан қалай сақтап қалды? Деген сияқты үлкенді – кішілі сұрауларды тізе беруге болар еді. Бұл сұрауларға Қазақстан тарихының тарихнамасы не айттар деген келесі сұрау туындейдьы.

Ғылыми шешімін бүгінгі таңға дейін таба қоймаған бұл сұраулар бір жағынан, бұл тақырыптың өзектілігін көрсете, екінші жағынан, тақырыптың тарихнамасын мақаланың бір бөлігі ретінде қарастыруға себепші болды. Қазақ-жонғар тақырыбына қалам тартқан ғалым-тарихшылар жоқ емес, бұл мәселені жазушылар, журналистер де тыс қалдырған жоқ. Еңбектің бұл тарауында тарихшылардың зерттеулері сөз болады.

Қазақ-жонғар халықтарының XVII – XVIII ғасырдағы қатынасы мәселесін зерттегенде алға қойған біздің мақсатымыз – бір жағынан, атамыш тақырыпқа байланысты жарық көрген әдебиеттерге тарихнама түрғысынан талдау жасау болса, екінші жағынан, құжаттарға сүйене отырып, қазақ-жонғар соғысының себебі, салдарын, елін, жерін аман алым қалу үшін қазақ халқының жүргізген жанкешті күресі, оның нәтижесі сияқты мәселелерге тарихи шындық, объективтік принцип негізінде, қазақ халқының мұддесі түрғысынан, бүгінгі таңдағы демократия, плюралистік көзқарасқа сай баға беруге әрекет жасау болып табылады.

Қазақ-жонғар тарихына байланысты жазылған тарихи еңбектерді шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

1-ші топ-аталмыш тақырыпқа арнайы жазылған еңбектер жатады. Олар көп емес. Олардың қатарына ең әуелі тарихшы В. А. Моисеев А. И. Златкиннің еңбектерін жатқызуға болады.


2-ші топқа басқа тақырыппен қоса қазақ-жонғар мәселесін көзғаған еңбектер жатады.


3-ші топқа XVII-XVIII ғасырлардың қазақ-жонғар қатынастары арнайы қарастырған еңбектерді жатқызуға болады. Бұл еңбектер көп емес, олар негізінен, атамыш тақырыптың кеңестік тарихнамасын талдауға арналған.

Қазақ-жонғар тақырыбы на байланысты әр жылдары жазылған ғылыми мақалалар, ғылыми баяндамалар, Қазақстан мен Ресейдің, қазақтар мен монголияның орта ғасырға байланысты туралы материалдардан тағы да басқа дерек көздерінен табуға болады.

Қазақ-жонғар тақырыбы на байланысты жазылған ғылыми еңбектердің тізгеннің өзінде-ак бұл тақырып зерттелмеген деп айтуға болатыны байқалады. Бұл тақырып тарихнама ғылыми түрғысынан егемен Қазақстан тарихнамасында зерттелген жоқ. Сөз етіп отырған тақырыбының тікелей байланысты монографиялық еңбектің екеу-ақ екенін, жанама түрде байланысатындардың санының 6-7 ден аспауы жасаған қорытындының дүрыстығын дәлелдейді.

Мұның себебі неде? Әлде бұл тақырыптың қазақстан тарихында маңызды орны болмағаны ма? Әлде тақырыпқа байланысты құжаттардың жоқ болғаны ма? Бұл тақырыптың Қазақстан тарихында алатын орны басқа тақырыптардан артық болмаса, кем емес. Бұл тақырыпқа байланысты тарихи құжаттар жеткілікті тақырыптың аз зерттелуінің себебі менің ойымша төмендегідей: қазақтар мен жонғарлардың XVII-XVIII ғасырдағы қатынастары тақырыбына терең үнілу деген сөз – қазақ





елінің Ресейдің отарына айналуы, қазақ халқы жонғарларға қарсы құресте қандай күшке сүйеніп елін, жерін сақтап қалғаны туралы мәселеге үцілу болып табылар еді. Кеңес үкіметі кезіндегі бұл мәселеге терең үзіліп шындықты ашып салу үшін обьективті принципке сүйену немесе коммунистік идеологияның талабына сай партиялық, таптық принципке сүйеніп шындықты бұрмалайтын екі жол бар -тұғын. Азamatтық, ғалымдық ар-ұжданы барлар бірінші жолды таңдалап алған шындықты айтты, сол үшін қудаланды, жапа шекті. Екінші жолды таңдалап алғандар – қазақ елінің Ресейге қосылуын өз еркімен болған тарихи, прогрессивтік көрініс деген қорытынды жасап, қазактар өз елін, жерін Ресейдің көмегіне сүйену арқылы ғана сақтап қалды деп есептеді. Бұл соңғы қорытынды көп жыл бойы ресми қорытынды болып қалыптасқандақтан, көпшілік ғалымдар шындыққа келе бермесе де, осы қауіпсіз жолмен жүруді жөн көрді. Сондықтан қазақ-жонғар тақырыбына қалам тартқандардың көпшілігі ресми қорытынды қайталаудан ары бара алмады, кейбіреулер бұл тақырыптың маңынан аулак жүрді. Аталмыш тақырыппен шұғылданудың өзіндік қыыншылығы болды. Бұл тақырыпа байланысты құжаттар көп елдің архивінде сақтаулы, олар әр түрлі тілде, әртүрлі әріппен жазылған. Мұндай құжаттар біздін білуімізше орыс, қазақ, қытай, монгол, манж тілінде. Осы тілдердің бәрі дерлік, ең болмағанда екеу-үшеуін біletін, ол құжаттар жазылған тақырыбына көпшілік ғалымдардың тісінің батпауының негізгі себебінің бірі.

Осындай қыыншылықтарды жеңе біліп атальыш тақырыпқа қалам тартқан ғалымдардың еңбектерін төменде атап өтедік. Жонғар мемлекетінің күйреуі туралы мәселеге Н. Бичурин, П. Рычков, А. Левшин, Ш. Уалиханов т.б. ғалымдар, кеңес дәуірінде И. Я. Златкин, В. А. Моисеев, Ш. П. Чимидзоржиев т.б.

ғалымдар өз еңбектерінде әжептәуір көңіл бөлді. Қазақ-жонғар қатынастарын XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында М. Ж. Көпееvtің, Ш. Құдайбердиевтің, М. Тынышбаевтың, М. Дулатовтың, Ә. Бекейхановтың қүш-жігер салуы арқасында ғана неғұрлым егжей-тегжейлі сарапал зерделеу мүмкін болды.

Қазақстан тарихнамасында Қазақ-жонғар қатынастарына қалам тартқан ғалым, жазушылардың еңбектерін төмендегідей сарапал қарастырды.

- Қазақ-жонғар қатынастары Революцияға дейінгі тарихнамада;
- Кеңестік кездегі қазақ-жонғар қатынастар тарихнамасы;
- Қазақ-жонғар қатынастар - Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасы;

Революцияға дейінгі қазақ – жонғар қатынастарының зерттеуде кең ауқымды зерттеу жұмысын талап етеді. Олай деуімізге себеп революцияға дейінгі шенеуніктер, қоғам қызметкерлері мен ғалымдардың еңбектері, жырау, азызшылар, сонымен қатар қазақ және жонғар ақындарының туындылары, күөгерлік етеді.

Қазақстанның революцияға дейінгі кезеңіндегі тарихнама шартты түрде екі бағытқа негізделеді:

- академиялық
- практикалық

Бұл бағыттың екеуі де ортақ өдіснамалық қозқараспен сипатталады. Тарихнаманың академиялық тармағы – әртүрлі ғылымдағы білімді зерттеушілер. Осы зерттеушілердің арасында – Г. Ф. Миллер, П. С. Паллас, А. И. Левшин, Я. П. Гавердовский және басқалар. Ал, практикалық бағыттағылар лауазымды адамдар болып табылады: шекара әкімшілік және әскери шенеуніктер, солардың қатарында П. И. Рычков, И. Г. Андреев, Н. Рычков және тағы басқалар [1, 10 б.].

XVIII-XX ғасырлардың аралығын қамтитын ғылымның дәуірлеу және

т.б.мәселелерінде жаңа заман деп аталатын кезеңдегі басты тарихи оқиға қазақ даласының Ресей империясының қол астына өтуі саналады. Бодандықты қабылдау нәтижесінде өзінің тәуелсіздігінен айырылған қазақ елі патшалық өкіметтің отарына айналды. Сондықтан да осы кезеңдегі барлық зерттеулер отар аймақтың хал-ахуалын ашып көрсетуге арналды. Қазақстаниң отарлық кезеңінің тарихы, оның өзекті мәселелері көбінесе кеңестік кезеңде зерттелгендіктен тарих шындығы толық ашылмады. Әсірепе отарлық езіге қарсы ұлт-азаттық қозғалыстардың ақиқаты бүркемеленді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана бодандық бұғаудың киген өлкенін өткені, оның түйінді мәселелеріне назар аударылып, мұрағат қойнауындағы соны құжаттар мен материалдардың көмегімен объективті түрде жазыла бастады. XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ-жонғар қатынастарын ұлт зиялышыры М. Ж. Көпееvtің, Ш. Құдайберdiевtің, М. Тынышпаевtің, М. Дулатовtың, Ә. Бекейхановtың күш-жігерлерін жұмсауы барысында дүниеге келген іргелі зерттеулерінің негізінде шынайы саралауға мумкіндік туды

Ең бірінші орыс тарихнамасында қазақ-жонғар қатынастарына қаламтарған Г. Ф. Миллер (1705-1783 ж. ж.) Немістік ғалым жас кезінде Ресейге келіп, Ресей туралы жетік мәңгеру мақсатында Сібір тарихын толық зерттеді. 1750 жылы Санкт-Петербургте жарияланған еңбегі «Описание Сибирского царства» аса нақтылықпен ерекшеленеді. Ресейдің орталық мемлекеттік архивінде «Миллеровский портфель» атты арнайы фонд сакталған, ұқыпты, жинақы түрде куәгерлердің қолымен бекітілген құжаттар, сонымен қатар ресми құжаттардың көшірмесі сакталған. Зерттеуші: «Бір уақытта қазақ ордасы қалмақтарға шабуыл жасаса, қалмақтар екі жауының қоршауында қалар еді.

Егер орыстар шекарасын қалмақтарға шек қойып, қашуға жол бермесе, қалмақтар жеңілетінбе еді» деп ойлады. Қазақ және қалмақтар туралы көптеген нақты мәліметтерді «Сібір тарихы» атты капиталдық еңбекте қалдырды [8, 15 б].

Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихшыларының ішінде қазақ – жонғар қатынасының тарихнамасына А. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деген кітабы зор рөл атқарады. Бірінші рет қазақ елінің географиясы, тарихы және этнографиясы ғылыми фундаменталды түрде жазылған. Алғашқылардың бірі болып автор қазақ-жонғар қатынастарына, сонымен қатар қалмақтардың шабуылына, Хонтайшы Галдан Церенді атап, тоқталған екен. Алайда А. И. Левшин тек болған фактілерді жазумен ғана шектелді талдаң қорытынды жасамады [4, 11 б.].

И. А. Левшин 1832 жылғы «Қырғыз – қазақ немесе қыргыз-кайсак далаларының сипаттамасы» еңбегінде: «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күйі жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Богдыханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді», – деп суреттейді.

Бұл мәселеге көп еңбек сінірген XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының екілі М. Ж. Көпейұлы. Оның колжазбаларының ішіндегі маңызды орын алатын шығармасы «Қазақ тұбі» («Истоки истории казахов»), онда қазақ халқының тарихы ауқымды түрде толығырақ жазылған. Қазіргі кезде бұл кітаптың түпнұсқасы және көшірмесі М. О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық Орталық ғылыми кітапханасыда К. П. Жусуповтар отбасылық архивінде



сактаулы тұр. Қөпейұлы Қазак түбін жазуда М. М. Хайдар Дулати еңбегін (парсы тілінде Бұхар кітапханасында. Әбілғазының «Түрік шежіресін» Ш. Ш. Уәлихановтың 1904 ж. басылған еңбегін (1881 ж. Мейрам Жанайдаровтан алған), 1910 ж. шықкан Қ. Халқдтың «Тауарих Хамсасын», 1911 ж. Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, казак һәм ханлар шежіресін», В. Е. Недзвезкийдің 1905 ж. Верныйде басылған естелік кітапшасын, А. Кенесариннің 1889 ж. кітабын, В. В. Вельяминов - Зернов зерттеуін, 1870 ж. Петербургте жарияланған В. В. Радлов кітабын, «Айқап» журналы мен «Дала уалаяты» газетінде шыққан мақалаларды пайдаланғаны корсетіледі.

